


KZ Бөлек тұратын плита /
Пайдаланушы нұсқаулығы

EN Free Standing Cooker / User Manual






RU Напольная плита / Руководство пользователя



Осы өнімді таңдағаныңыз үшін рақмет.

Осы Қолданушы нұсқаулығы құрылғыны қолдану және күту бойынша нұсқауларды және қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратты қамтиды.

Құрылғыны қолданар алдында осы Қолданушы нұсқаулығын оқып шығыңыз да, оған болашақта жүгіну үшін сақтаңыз.

| Белгіше | Түр | Мәні |
|---|----------------------------|--|
|  | ЕСКЕРТУ | Қатты жарақаттың немесе өлімнің қаупі |
|  | ЭЛЕКТР СОҚҚЫНЫҢ ҚАУПІ | Қауіпті кернеудің қаупі |
|  | ӨРТ | Ескерту; Өрттің қаупі / тез тұтанғыш материалдар |
|  | САҚ БОЛЫҢЫЗ | Жарақаттың немесе мүлік зақымдалуының қаупі |
|  | МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ / ЕСКЕРТПЕ | Жүйені дұрыс қолдану |

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| 1.ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ | 4 |
| 1.1 Жалпы қауіпсіздік ескертулері | 4 |
| 1.2 Қондыру ескертулері | 8 |
| 1.3 Қолдану барысында | 9 |
| 1.4 Тазалау және күту барысында..... | 11 |
| 2.1 Қондырушы үшін нұсқаулар | 12 |
| АСҮЙ ПЛИТАСЫ | 12 |
| 2.2 Асүй плитасын қондыру | 13 |
| 2.3 Газ қосылымы | 14 |
| 2.4 Газды түрлендіру (бар болса) | 15 |
| 2.5 Электр қосылымы және қауіпсіздігі (бар болса) | 16 |
| 2.6 Еңкейтуге қарсы жинақ..... | 17 |
| 2.7 Аяқтарын реттеу..... | 17 |
| 3.ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ..... | 18 |
| 4.1 Газ оттықтарын қолдану | 19 |
| 4.2 Пешті басқару тетіктері..... | 20 |
| 4.3 Пісіру кестесі | 22 |
| 4.4 Керек-жарақтар | 25 |
| 5.1 Тазалау | 26 |
| 5.2 Техникалық қызмет көрсету | 28 |
| 5.3 Техникалық қызмет көрсету | 28 |
| 6.АҚАУЛАРДЫ ТАБУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ | 29 |
| 6.1 Ақауларды табу | 29 |
| 6.2 Тасымалдау..... | 30 |
| 7.1 Инжекторлық үстел..... | 31 |
| 7.2 Энергиялық таспа | 32 |

1. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

- Құрылғыны қолданар алдында барлық нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз да, оларды қажет болған жағдайда ақпарат үшін ыңғайлы жерде сақтаңыз.
- Осы нұсқаулық бірнеше модель үшін дайындалды, сол себепті сіздің құрылғыңыздың осында сипатталған сипаттамаларының кейбіреуілері болмауы мүмкін. Сол себепті қолдану нұсқаулығын оқыған кезінде кейбір суреттерге ерекше назар аудару маңызды болып табылады.

1.1 ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕСКЕРТУЛЕРІ

- Осы құрылғыны 8 жастан үлкен балалар және физикалық, сенсорлық немесе ақыл қабілеттері төмен немесе тәжірибелері мен білімдері жеткіліксіз адамдар құрылғыны қауіпсіз түрде қолдануға қатысты нұсқаулық немесе бақылау болса және туындауы мүмкін қауіп-қатерлерді түсінсе қолдана алады. Балалардың құрылғымен ойнауына тыйым салынады. Балалар қадағалаусыз құрылғыны тазаламауы және күтпеуі тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ: Құрылғыны және оның ашық бөліктерін қолданған кезінде олар ыстық болып кетеді. Қыздыру элементтеріне тиіп кетпес үшін, сақ болу керек. Үнемі қадағалаусыз 8 жастан төмен балаларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Сұйық немесе сары маймен қараусыз қалдырылған тамақ дайындау қауіпті болуы мүмкін және өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Осылай шыққан өртті ЕШҚАШАН сумен сөндіріңіз, оның орнына құрылғыны сөндіріп,

отты қақпақпен немесе өртке қарсы жабынмен жабыңыз.

⚠️ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Тамақ дайындау процесін қадағалап отыру қажет. Қысқа уақытты тамақ дайындау процесін үнемі қадағалап отыру қажет

⚠️ ЕСКЕРТУ: Өрттің шығу қаупі: Пісіру беттерінде нәрселерді сақтамаңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ: Егер беті жарылса, электр соққыны болдырмас үшін құрылғыны сөндіріңіз.


- Пісіру бетінің қақпағы бар модельдер үшін оларды қолданар алдында қақпақтан төгілген заттарды тазалаңыз және қақпақты жабар алдында оның суып кетуін күтіңіз.
- Құрылғыны сыртқы таймер немесе бөлек қашықтықтан басқару жүйесі арқылы қолданбаңыз.


⚠️ ЕСКЕРТУ: Құрылғының құлап кетуіне жол бермеу үшін тұрақтандырғыш кронштейндерді орнату керек. (Толығырақ ақпаратты қисайтуға қарсы жинақ жиынтығының нұсқаулығынан қараңыз).



- Қолдану барысында құрылғы қызады. Пештің ішіндегі қыздыру элементтеріне тиіп кетпес үшін сақ болу керек.
- Қолдану барысында қысқа уақыт өткеннен кейін тұтқаларының ыстық болуы мүмкін.

- Пештің беттерін тазарту үшін қатты абразивті тазартқыштар мен тазалағыштарды пайдаланбаңыз. Олар беттерді сызып алу мүмкін және бұл есік шынысының сынып қалуына немесе беттердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тазалау үшін бу тазартқыштарды қолданбаңыз.


 **ЕСКЕРТУ:** Электр тоғының соғу қаупін болдырмау үшін шамды ауыстырар алдында құрылғының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Пісіру немесе гриль жасау кезінде қолжетімді бөліктерінің ыстық болуы мүмкін. Құрылғыны пайдаланған кезде оған жас балаларды жақындатпаңыз.

- Құрылғы барлық қолданбалы жергілікті және халықаралық стандарттар мен ережелерге сәйкес өндірілді.
- Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек рұқсаты бар сервистік техниктер орындауы керек. Рұқсаты жоқ техниктер орындайтын қондыру және жөндеу жұмыстары қауіпті болуы мүмкін. Құрылғының сипаттамаларын қандай да болсын тәсілмен өзгертуге немесе түрлендіруге болмайды. Сәйкес келмейтін пісіру бетінің шектеулері жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны қосар алдында жергілікті тарату жағдайлары (электр кернеуі және жиілігі және/немесе газдың сипаты және газдың қысымы) мен құрылғы икемдеулерінің үйлесімділігіне көзіңізді жеткізіңіз. Осы құрылғының сипаттамалары заттаңбада көрсетілген.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Осы құрылғы тек тамақ пісіру үшін арналған және тек үйдің ішіндегі тұрмыстық қолдану үшін жарамды болады. Оны тұрмыстық емес, коммерциялық ортада немесе бөлмені жылыту үшін қолдану сияқты басқа мақсаттарға немесе басқа қолданыстарға пайдалануға болмайды.

- Құрылғыны көтеру немесе қозғалту үшін пеш есігін пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы желдету құрылғысына қосылмаған. Оны қазіргі орнату ережелеріне сәйкес орнату және қосу керек. Желдетуге қатысты тиісті талаптарға ерекше назар аудару қажет.
- Егер оттық 15 секундтан кейін жанбаса, құрылғыны пайдалануды тоқтатып, бөлім есігін ашыңыз. Оттықты қайтадан тұтатып алмас бұрын кем дегенде 1 минут күтіңіз.
- Бұл нұсқаулар құрылғыда тиісті ел белгісі болған жағдайда ғана жарамды. Егер құрылғыда белгі болмаса, онда құрылғыны елдің пайдалану шарттарына сәйкес өзгерту туралы сипаттайтын техникалық нұсқаулыққа жүгініңіз.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шаралар қолданылды. Шыны сынып кетуі мүмкін болғандықтан, сызылып кетуді болдырмас үшін тазалау кезінде сақ болу керек. Шыныны жарақтармен ұруға немесе соғуға болмайды.
- Қондыру барысында қуат беру баусымы шырмаланбағанын немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Қуат беру баусымы зақымдалған болса, қауіп-қатерді болдырмас үшін оны өндіруші, оның сервистік агенті немесе ұқсас білікті мамандар алмастыруы тиіс.

- Балалардың пештің есігіне шығуына немесе ол ашық тұрғанда оған отыруына жол бермеңіз.
- Егер сіздің құрылғыңызға әйнектен немесе шыны керамикадан жасалған пісіру плитасы берілсе:
 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** «Плита әйнегі сынған жағдайда»:
 - барлық оттықтарды және кез келген электр қыздырғыш элементін дереу сөндіріп, құрылғыны қуат көзінен оқшаулаңыз
 - құрылғының бетін ұстамаңыз
 - құрылғыны қолданбаңыз.
- Балалар мен жануарларды осы құрылғыға жақындатпаңыз.

1.2 ҚОНДЫРУ ЕСКЕРТУЛЕРІ

- Құрылғы толығымен қондырылғанша оны қоспаңыз.
- Құрылғыны рұқсаты бар техник-маман қондыру қажет. Өндіруші рұқсаты жоқ адамдардың дұрыс емес орнатуы мен қондыруы салдарынан болуы мүмкін зақымдалулар үшін жауапты болмайды.
- Құрылғының қаптамасын шешкен кезінде, оның тасымалдау барысында зақымдалмағанын тексеріңіз. Ақаулықтар болған жағдайда құрылғыны қолданбаңыз және білікті сервистік агентпен бірден хабарласыңыз. Қаптау үшін қолданылған материалдар (нейлон, степлер, пенопласт және т.б.) балалар үшін қауіпті болуы мүмкін және оны бірден жинап, лақтырып тастау керек.
- Құрылғыны қоршаған орта жағдайларынан қорғаңыз. Оны күннің көзіне, жаңбырға, қарға, шаң-тозаңға немесе шамадан артық ылғалдыққа ұшыратуға болмайды.

- Құрылғының жан-жағындағы материалдар (яғни шкафтар) 100°С минималды температураға төзе алуы тиіс.
- Қызып кетпес үшін құрылғыны сәнді есіктің артына орнатуға болмайды.

1.3 Қолдану барысында

- Пешті алғаш қолданған кезде аздап иіс сезуіңіз мүмкін. Бұл мүлдем қалыпты жағдай және жылытқыш элементтеріндегі оқшаулағыш материалдардан туындайды. Пешті бірінші рет қолданар алдында оны бос қалдырып, максимум температурада 45 минутқа қосуды ұсынамыз. Өнім орнатылған орта жақсы желдетілетініне көз жеткізіңіз.
 - Пісіру кезінде немесе одан кейін пештің есігін ашқан кезде абай болыңыз. Пештен шыққан ыстық будан күйіп қалуға болады.
 - Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезінде оның ішіне немесе қасына тез тұтанатын немесе жанғыш материалдарды қоймаңыз.
 - Пештегі тағамды алғанда және ауыстырғанда әрқашан пешке арналған қолғаптарды пайдаланыңыз.
 - Ешбір жағдайда пешті алюминий фольгамен орауға болмайды, себебі қызып кетуі мүмкін.
 - Пісіру кезінде пештің негізіне тікелей ыдыстарды немесе пісіру науаларын қоюға болмайды. Негізі қызып кетіп, өнімге зақым келтіруі мүмкін.
-   Қатты немесе сұйық майлармен тамақ пісірген кезінде, плитаны қараусыз қалдырмаңыз. Олар қатты қызу жағдайларында тұтанып кетуі мүмкін. Майдың себебінен шыққан отқа суды ешқашан құймаңыз, оның орнына плитаны

сөндіріп, табаны қақпақпен немесе отқа қарсы жабынмен жабыңыз.

- Табаны пісіру аймақтың ортасына қойыңыз және тұтқалар соғылып кетпейтіндей, оларды қауіпсіз қалпына бұраңыз.
- Егер өнім ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, негізгі басқару сөндіргішін өшіріп қойыңыз. Газ құрылғылары пайдаланылмаған кезде газ клапанын өшіріп қойыңыз.
- Құрылғы қолданылмаған кезінде, құрылғының реттеу тұтқалары “0” (тоқтау) қалпында тұрғанын тексеріңіз.
- Науалар тартылған кезде көлбеу болады. Пештен шығарып жатқанда ыстық тағамды төгіп алмау немесе құлатпау үшін абай болыңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Газбен пісіретін құрылғыны пайдалану ол орнатылған бөлмеде жылудың, ылғалдың және жану өнімдерінің түзілуіне әкеледі. Ас үйдің, әсіресе құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жақсы желдетілетініне көз жеткізіңіз, табиғи желдеткіш саңылауларын ашық ұстаңыз немесе механикалық желдеткіш қондырғыны (механикалық сормақты) орнатыңыз.

- Құрылғыны ұзақ уақыт бойы қарқынды пайдалану қосымша желдетуді қажет етуі мүмкін, мысалы, терезені ашу немесе тиімдірек желдету, мысалы, мүмкіндік бар жерлерде механикалық желдету деңгейін арттыру.
- Гриль оттығын қолданған кезде пештің есігін ашық ұстаңыз және әрдайым өніммен бірге жеткізілетін грильдің қорғаныс қалқанын қолданыңыз. Гриль оттығын ешқашан пештің есігі

жабық күйде пайдаланбаңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Қыздырған кезде шыны қақпақтарының сынып кетуі мүмкін. Қақпақты жаппас бұрын барлық оттықтарды өшіріп, пісіру бетін суытыңыз.



- Пештің есігі ашық тұрған кезде оған ештеңе қоймаңыз. Бұл пештің тепе-теңдігін бұзуы немесе есікті зақымдауы мүмкін.
- Тартпаға ауыр немесе тез тұтанатын заттарды (мысалы, нейлон, полиэтилен пакеттерін, қағазды, шүберекті және т.б.) салмаңыз. Бұған пластикалық керек-жарақтары бар ыдыс-аяқ (мысалы, тұтқалар) кіреді.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде сақтау бөлімінің ішкі беті қызып кетуі мүмкін. Ішкі бетін ұстамаңыз.

- Құрылғыға немесе оның тұтқаларына сүлгілерді, майлықтарды немесе киімдерді іліп қоймаңыз.

1.4 ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТУ БАРЫСЫНДА

- Тазалауды немесе күтуді орындау алдында құрылғы желіден ажыратылғанын тексеріңіз.
- Басқару тақтасын тазалау үшін реттеу тұтқаларын алып тастамаңыз.
- Құрылғының тиімділігі мен қауіпсіздігін сақтау үшін түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді қолданған және қажеттілік туындаған жағдайда біздің рұқсаты бар сервистік агенттерімізді шақырған жөн.

2. ҚОНДЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН ДАЙЫНДАУ

А **ЕСКЕРТУ** : Осы құрылғыны тек рұқсаты бар қызмет көрсету адамы немесе білікті техник қана осы нұсқаулықтағы нұсқауларға және жергілікті қолданыстағы ережелерге сай қондыра алады.

- Дұрыс емес қондыру залалға және зақымға әкелуі мүмкін және ол үшін өндіруші жауапты болмайды және кепілдік жарамсыз болады.
- Қондырудың алдында жергілікті тарату жағдайлары (электр кернеуі және жиілігі және/немесе газдың сипаты және газдың қысымы) мен құрылғы икемдеулерінің үйлесімділігіне көзіңізді жеткізіңіз. Осы құрылғы үшін икемдеу жағдайлары заттаңбада көрсетілген.
- Қолдану елінде қолданыстағы заңдарды, бұйрықтарды, директиваларды және стандарттарды сақтау қажет (қауіпсіздік ережелері, ережелерге сәйкес талапқа сай қалдықтарды кәдеге жарату және т.б.).
- Егер өнімде алынбалы сөре бағыттаушылары болса (тор сөрелер) және пайдаланушы нұсқаулығында йогурт сияқты рецепттер болса, торларды алып тастау қажет, сонда пеш белгіленген пісіру режимінде жұмыс істейтін болады. Тор сөрелі жою бойынша ақпарат ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ бөлімінде қамтылған.

2.1 Қондырушы үшін нұсқаулар

Желдетуге қойылатын талаптар

- Көлемі 5 м³ мәнінен аз бөлмелер үшін 100 см² бос аймақты тұрақты желдету талап етіледі.
- Көлемі 5 м³ және 10 м³ аралығындағы бөлмелер үшін бөлмеде есігі тікелей сыртқы ауаға шығатын есік болмаса, 50 см² бос аймақты тұрақты желдету талап етіледі, ал есік болған жағдайда тұрақты желдету қажет емес.
- Көлемі 10 м³ мәнінен артық бөлмелер үшін тұрақты желдету талап етілмейді.

Маңызды: Бөлменің көлеміне қарамастан, құрылғы орнатылған барлық

бөлмелерге сыртқы ауаға ашылатын терезе немесе баламасы арқылы тікелей қол жеткізілу керек.

Қоршаған ортадан шыққан газдарды босату

Газ құрылғылары жанған газ қалдықтарын тікелей ауаға немесе мұржасы бар асүй плитасының сормағы арқылы сыртқа шығарады. Егер асүй плитасының сормағын орнату мүмкін болмаса, терезеге немесе қабырғаға таза ауаға шығатын желдеткішті орнатыңыз. Желдеткіштің ас үйдегі ауа көлемін сағатына минимум 4-5 рет өзгерту мүмкіндігі болу керек.



Жалпы нұсқаулар


- Құрылғыдан және оның жарақтарынан қаптау материалдарын алып тастағаннан кейін құрылғының зақымдары жоқ екендігін тексеріп шығыңыз. Қандай да бір зақым бар деп күдіктенсеңіз, оны қолданбаңыз және бірден рұқсаты бар қызмет көрсету адамына немесе білікті техникке хабарлаңыз.
- Жақын жерде тұтанып кетуі мүмкін перделер, май, мата және т.б. сияқты тез тұтанатын немесе жанатын материалдар жоқ екендігіне көзіңізді жеткізіңіз.
- Құрылғының жан-жағындағы үстіңгі тақтайы және жиһаз 100°C артық температураларға төзетін материалдардан жасалуы тиіс.
- Құрылғыны дәл ыдыс-аяқ жуатын машинаның, тоңазытқыштың, мұздатқыштың, кір жуу машинасының немесе кір кептіргішінің үстіне қондыруға болмайды.
- Құрылғыны орнатылған жерде жиһаздың биіктігі конфорканың биіктігінен аспайтын жерге, басқа

жиһаздарға жақын орналастыруға болады.

2.2 Асүй плитасын қондыру

- Егер асүй жиһазы конфоркадан жоғары болса, асүй жиһазы ауа айналымы үшін құрылғының бүйірлерінен кемінде 10 см қашықтықта болу керек.
- Құрылғының айналасында ауа айналымы үшін кемінде 2 см бос орын болу керек.
- Егер құрылғының үстіне асүй сормағын немесе шкафты орнату керек болса, конфорка мен шкафтың/асүй сормағының арасындағы ара қашықтық төменде көрсетілгендей болуы тиіс.

| | |
|-----------------------------|-------------|
| A (мм) Шкаф | 420 |
| B (мм) Асүй плитасы сормағы | 650/700 |
| C (мм) | 20 |
| D (мм) | Өнімнің ені |
| E (мм) | 100 |



2.3 ГАЗ ҚОСЫЛЫМЫ

Газбен жабдықтау және жылыстауды тексеру

Құрылғыны қолданыстағы жергілікті және халықаралық стандарттар мен ережелерге сәйкес жалғаңыз. Алдымен асүй плитасында қандай газ түрі орнатылғанын тексеріңіз. Бұл ақпарат пештің артқы жағындағы стикерде бар. Техникалық деректер кестесінен тиісті газ түрлері мен тиісті газ инжекторларына қатысты ақпаратты таба аласыз. Тиімді пайдалану үшін және газдың минималды шығынын қамтамасыз ету үшін газ беру қысымының техникалық деректер кестесіндегі мәндерге сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Егер пайдаланылған газдың қысымы көрсетілген мәндерден өзгеше болса немесе сіздің аймағыңызда тұрақты болмаса, онда газ кірісіне қолжетімді қысым реттегішін орнату қажет болуы мүмкін. Осы реттеулерді орындау үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Иілгіш құбыршекті құрастыру кезінде тексеру қажет жағдайлар:

- Егер газ қосылымы пісіру бетінің газ кірісіне бекітілген иілгіш шланг арқылы жасалса, оны құбыр қамытына бекіту керек.
- Құрылғыны газ көзіне мүмкіндігінше жақын қысқа және берік құбыршекпен жалғаңыз.
- Рұқсат етілген максимум шланг ұзындығы - 1,5 м.
- Құрылғыны газдың тиісті жергілікті стандарттарына сәйкес жалғау керек.
- Құбыршегі 90°C-тан жоғары температураға дейін қыздырылуы мүмкін аймақтардан алыс жерге орнату керек.
- Құбыршегін сыруға, жыртуға, майыстыруға немесе бүктеуге болмайды.
- Құбыршек өткір бұрыштардан және қозғалуы мүмкін заттардан алыс ұстаңыз.
- Газ қосылымын жинамас бұрын, құбыршегінің зақымдалмағанына көз жеткізу керек. Тексеруді орындау үшін көпіршікті суды немесе ағып кететін сұйықтықтарды пайдаланыңыз.

Газдың ағып кетуін тексеру үшін ашық отты пайдаланбаңыз.

- Газға жалғау кезінде қолданылатын барлық металл бұйымдарда тот болмау керек. Қосылу үшін пайдаланылатын компоненттердің жарамдылық мерзімін тексеріңіз.

Тұрақты газ қосылымын жинау кезінде тексеру қажет жағдайлар

Бекітілген газ қосылымын (жіптермен жасалған газ қосылымы, мысалы сомын) жинау үшін пайдаланылатын әдіс сіз тұрған елге байланысты әртүрлі болады. Сіздің еліңіз үшін ең кең таралған бөлшектер құрылғымен бірге жеткізіледі. Қажетті кез келген басқа бөлшектер қосалқы бөлшектер ретінде жеткізілуі мүмкін.

Жалғау кезінде газ коллекторындағы сомынды әрқашан қарсы бөлікті айналдыру кезінде мықтап ұстаңыз. Қауіпсіз қосылым үшін тиісті өлшемдегі сомын кілттерін қолданыңыз. Әртүрлі компоненттер арасындағы беттер үшін әрдайым газды түрлендіру жинағында берілген тығыздағыштарды қолданыңыз.

Жалғау кезінде пайдаланылатын тығыздағыштарға газ қосылымдарында қолдануға да рұқсат етілуі керек. Газ қосылымдары үшін сантехникалық тығыздағыштарды қолданбаңыз.

Есіңізде болсын, бұл құрал арнап шығарылған елдегі газ беру желісіне қосылуға дайын. Арнайы негізгі ел құрылғының артқы қақпағында белгіленген. Егер сізге оны басқа елде қолдану қажет болса, төмендегі суреттегі байланыстардың кез-келгені қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайда дұрыс газ қосылымын білу үшін жергілікті уәкілетті органдарға хабарласыңыз.



Асүй плитасын ағымдағы қауіпсіздік заңнамасына сәйкес тиісті білікті газ орталығында тіркелген маман орнату және орындау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ: Газдың ағып кетуін тексеру үшін ашық жалынды пайдаланбаңыз.


2.4 ГАЗДЫ ТҮРЛЕНДІРУ (БАР БОЛСА)

Құрылғыңыз сұйылтылған көмірсутек газымен/табиғи газбен пайдалануға арналған. Тиісті инжекторларды ауыстыру және қолданыстағы газға сәйкес келетін минимум жалын ұзындығын реттеу арқылы газ оттықтарын әртүрлі газ түрлеріне бейімдеуге болады. Осы мақсатта келесі әрекеттерді орындау керек.

Инжекторды өзгерту

Пісіру бетінің оттықтары

- Негізгі газ беруді тоқтатыңыз және құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Оттықтың қақпақтары мен адаптерлерін алыңыз.
- Инжекторды бұрап алу үшін 7 мм сомын кілтті қолданыңыз.
- Газ инжектор кестесіне сәйкес инжектор газды түрлендіру жинағымен, пайдаланылатын газ түріне сәйкес диаметрлермен ауыстырыңыз.



Жалынның минимум қалпын реттеу:

Ең алдымен, құрылғының электр желісінен ажыратылғандығына және газ берілетін қораптың ашық екеніне көз жеткізіңіз. Минимум жалын қалпы клапанда орналасқан жалпақ бұрандамен реттеледі. Жалынның апат құрылғысы бар клапандар үшін бұранда суреттерде көрсетілгендей клапан айналдырығының бүйірінде орналасқан. Жалынның апат құрылғысы жоқ клапандар үшін бұранда суретте көрсетілгендей клапан айналдырығының ішінде орналасқан. Жалын қалпын реттеуді жеңілдету үшін, өзгерту кезінде басқару тақтасын (сіздің үлгіңізде болса, микро қосқышты да) алып тастауға кеңес береміз. Сұйылтылған көмірсутек газдан табиғи газға түрлендіру үшін айналма бұранданы босату қажет. Табиғи газдан сұйылтылған көмірсутек газға айналуды үшін айналма бұранданы қатайту қажет.



Жалынның минимум қалпын анықтау

Минимум қалпын анықтау үшін оттықтарды жағып, оларды минимум қалыпта қалдырыңыз. Тетіктерін алып тастаңыз, себебі бұраңдаларға тетіктер алынған кезде ғана қол жеткізуге болады. Кішкентай бұрағыштың көмегімен айналма бұраңданы шамамен 90 градусқа бекітіңіз немесе босатыңыз. Жалынның ұзындығы кем дегенде 4мм болған кезде, газ жақсы бөлінеді. Максимум қалыптан минимум қалыпқа өткенде жалынның өшпейтініне көз жеткізіңіз. Жалынның тұрақтылығын көру үшін жалынға қарай қолыңызбен жасанды жел тудызыңыз.

Газ кірісін өзгерту

Кейбір елдер үшін газ кірісінің түрі табиғи газ/сұйылтылған көмірсутек газдары үшін өртүрлі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ағымдағы қосылым компоненттерін және сомындарды (бар болса) алып тастаңыз және жаңа газ беруді сәйкесінше қосыңыз. Кез-келген жағдайда газ қосылымдарында қолданылатын барлық компоненттерді жергілікті және/немесе халықаралық органдар мақұлдау керек. Барлық газ қосылымдарында жоғарыда түсіндірілген «Газбен жабдықтау және жылыстауды тексеру» тармағын қараңыз.

2.5 ЭЛЕКТР ҚОСЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІ (БАР БОЛСА)


⚠ ЕСКЕРТУ: Осы құрылғының электр қосылымын тек рұқсаты бар қызмет көрсету адамы немесе білікті техник қана осы нұсқаулықтағы нұсқауларға және жергілікті қолданыстағы ережелерге сай орындай алады.

⚠ ЕСКЕРТУ: ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ ҚАЖЕТ.


- Құрылғыны электр қуат көзіне қосар алдында құрылғының кесімді кернеуін (құрылғының нәлінде басылған) қолжетімді электр желісінің кернеуіне сәйкестікке тексеру қажет және электр желісінің

электр сымдары құрылғының рұқсат етілген қуаттылығына (ол да нәлде көрсетілген) төзе алуы тиіс.


- Қондыру барысында оқшауланған шоғырсымдар қолданылуы тиіс. Дұрыс емес қосылыс құрылғыны зақымдауы мүмкін. Егер желілік шоғырсым зақымдалған болса және оны ауыстыру қажеттілігі болса, осыны білікті адам орындауы тиіс.
- Адаптерлерді, тармақтағышты және/немесе ұзартқышты қолданбаңыз.
- Қуат баусымын құрылғының ыстық бөліктерінен алыс ұстау керек және оны бүгуге немесе қысуға болмайды. Керісінше, баусым зақымдалып, қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін.
- Егер құрылғы айыр арқылы желіге қосылмаса, қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін барлық полюсті ажыратқышты (кем дегенде 3 мм контакт қадамы бар) қолдану қажет.
- Құрылғы 220-240 В~ қуат берілісі үшін жасалған. Қуат берілісі басқаша болса, уәкілетті қызмет көрсету маманымен немесе білікті электрик маманмен байланысыңыз.
- Қуат кабелі (H05VV-F) құрылғыға жалғау үшін жеткілікті ұзын болу қажет.
- Құрылғы орнатылғаннан кейін созылмалы сақтандырғышы бар ажыратқыш оңай жерде болуы тиіс.
- Барлық қосылыстар дұрыстап тартылғанын тексеріңіз.
- Қуат беру шоғырсымын шоғырсым қысқышына бекітіп, содан кейін қақпақты жабыңыз.
- Бөліп таратқыш қалқанының қосылысы бөліп таратқыш қалқанының ішіне орналастырылады.



2.6 ЕҢКЕЙТУГЕ ҚАРСЫ ЖИНАҚ



Құжат қалтасы еңкейтуге қарсы жинақты қамтиды. Төмендегі суретте және кестеде көрсетілген өлшемдерді ұстану арқылы бұраңданы (2) және қабырға ашасын (3) пайдаланып қабырғаға еңкейтуге қарсы кронштейнді (1) бос бекітіңіз. Еңкейтуге қарсы кронштейннің биіктігін асуі плитасындағы ойыққа сәйкес келетін етіп орнатыңыз және бұраңданы қатайтыңыз. Құрылғыны қабырғаға қарай итеріңіз, еңкейтуге қарсы кронштейннің құрылғының артқы жағындағы ойыққа салынғанына көз жеткізіңіз.




| Өнім өлшемдері (Ені X төрөндігі X биіктігі) (см) | А (мм) | В (мм) |
|--|--------|--------|
| 60x60x90 (Қос пеш) | 297,5 | 52 |
| 50x60x90 (Қос пеш) | 247,5 | 52 |
| 90x60x85 | 430 | 107 |
| 60x60x90 | 309,5 | 112 |
| 60x60x85 | 309,5 | 64 |
| 50x60x90 | 247,5 | 112 |
| 50x60x85 | 247,5 | 64 |
| 50x50x90 | 247,5 | 112 |
| 50x50x85 | 247,5 | 64 |

2.7 АЯҚТАРЫН РЕТТЕУ

Құрылғы 4 реттелетін аяқпен жеткізіледі. Суретте көрсетілгендей сағат тілі бағытымен айналдыру арқылы аяқтарын төменгі тақта тірегіне бекітіңіз.

Қауіпсіз жұмыс үшін құрылғыңыздың дұрыс теңдестірілген болуы маңызды. Пісірмес бұрын құрылғының тұзу тұрғанына көз жеткізіңіз. Құрылғының биіктігін арттыру үшін аяқтың ішкі бөлігін сағат тіліне қарсы бұраңыз. Құрылғының биіктігін төмендету үшін аяқтың ішкі бөлігін сағат тілімен бұраңыз.


Аяқтарын реттеу арқылы құрылғының биіктігін 50 мм-ге дейін көтеруге болады. Құрал ауыр, оны кем дегенде 2 адамның көтеруіне кеңес береміз. Құралды ешқашан сүйремеңіз.



3. ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ


Маңызды ақпарат: Өнімнің ерекшеліктері әр түрлі болуы мүмкін және сіздің құрылғыңыздың сыртқы түрі төмендегі суреттерде көрсетілгендерден өзгеше келуі мүмкін.

Компоненттердің тізімі



1. Жанарғы
2. Басқару тақтасы
3. Пеш есігінің тұтқасы
4. Пеш есігі
5. Реттелетін аяқтар

Басқару тақтасы



6. Түйме (жағу)
7. Таймер
8. Пеш функциясын басқару тетігі
9. Пештің термостат тетігі
10. Пешті басқару тетігі

4. ӨНІМДІ ҚОЛДАНУ

4.1 ГАЗ ОТТЫҚТАРЫН ҚОЛДАНУ

Оттықтарды тұндыру

Әрбір басқару тетігінің жоғарғы жағындағы қалып таңбасы тетік басқаратын оттықты көрсетеді.

Газдың оттықтарын қолмен тұндыру

Егер сіздің құрылғыңыз тұтану құралымен жабдықталмаса немесе электр желісінде ақау болса, төменде келтірілген процедураларды орындаңыз.

Пісіру беті оттықтары үшін:

Тұндырылатын оттықтың тетігін итеріп, тетікті «максимум» қалпына жеткенше сағат тіліне қарсы бұрап, оны басып тұрыңыз. Тетікті басуды жалғастырыңыз және оттықтың жоғарғы шеңберінде жанған сіріңкені, жіңішке білтені немесе басқа қолмен басқарылатын құралды апарыңыз. Тұрақты жалынды көрген бойда тұтану көзін оттықтан алыс ұстаңыз.

Басқару тетігімен электрлік тұндыру

Тұндырылатын оттықтың тетігін итеріп, тетікті 90 градус қалпына жеткенше сағат тіліне қарсы бұрап, оны басып тұрыңыз. Тұтқа астындағы шағын ауыстырып-қосқыш басқару тетігі басылған бойда тұндыру білтесі арқылы тұтанады. Оттықта тұрақты жалын көрінбейінше тетікті басыңыз.

Газды басқару жүйесі

Пісіру бетінің оттықтары

Алаудың апат жағдайындағы құрылғысымен жабдықталған пісіру беттері кездейсоқ алау сөніп қалған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Егер мұндай жағдай орын алса, құрылғы оттықтардың газ желілерін бітеп, жанбаған газдың түзілуіне жол бермейді. Сөндірілген газ оттығын қайта жақпас бұрын 90 секунд күтіңіз. Пісіру бетін басқару тетіктері

Пісіру бетінің оттығы

Тетіктің 3 қалпы бар: өшірулі (0), максимум (үлкен жалын таңбасы) және минимум (кішкентай жалын таңбасы). Оттықты «максимум» қалыптағы тетікпен тұндырыңыз: одан кейін жалын ұзындығын «максимум» және «минимум» қалыптары арасында реттеуге болады. Тетіктер «максимум» және «өшірулі» қалыптары арасында болған кезде

оттықтарды пайдаланбаңыз.



Тұндырғаннан кейін жалындарды көзбен тексеріңіз. Сары ұшын, көтерілген немесе тұрақсыз жалынды көрсеніз, газ ағынын өшіріңіз, одан кейін оттық қақпақтары мен күмбезшелері салқындағаннан кейін олардың жиынтығын тексеріңіз. Оттық қақпақтарында сұйықтық жоқтығын тексеріңіз. Оттық жалындары кездейсоқ шығатын болса, оттықтарды өшіріп, ас үйді таза ауамен желдетіп, қайта тұндырмас бұрын ең кемі 90 секунд күтіңіз.



Пеш оттықтарын өшіру үшін, пеш оттықтарының тетігін сағат тілінің бағытымен «0» қалпына бұраңыз немесе плита оттықтарының тетіктеріндегі таңбаларды жоғары қарайтын етіп бұраңыз.

Пісіру бетінде әртүрлі диаметрлердегі оттықтар бар. Сіз газды пайдаланудың ең үнемді тәсілі пісіруге арналған ыдыстың өлшеміне сәйкес келетін газ оттықтарын дұрыс таңдау және қайнау температурасына жеткеннен кейін жалынды «минимум» қалпына қою екенін анықтайсыз. Жылу жоғалып кетпес үшін

әрқашан пісіру табасын жауып қоюға кеңес береміз.

Негізгі оттықтардың максимум өнімділігін алу үшін төмендегі тегіс диаметрі бар кәстрөлдерді қолдануды ұсынамыз. Төменде көрсетілген минимум өлшемдерінен кіші кәстрөлдерді пайдалану энергияны жоғалтуға әкеледі.

| | |
|-----------------------|----------|
| Жылдам / Вок оттығы | 22-26 см |
| Жартылай жылдам оттық | 14-22 см |
| Қосымша оттық | 12-18 см |

Жалынның ұштары табаның сыртқы шеңберінен шығарылмайтынына көз жеткізіңіз, себебі бұл тұтқалар сияқты пластикалық керек-жарақтарға зақым келтіруі мүмкін.

Оттықтар ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде негізгі газды басқару клапанын өшіріп қойыңыз.

